

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу және Ішкі және сыртқы нарықтарда ауыл шаруашылығы өнімін өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 1141 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) ауыл шаруашылығы өнімін, оның ішінде органикалық өнімді өткізуді қоспағанда, оның өндірісі және айналымы;"

15-тармақта:

4) тармақшаның он екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ауыл шаруашылығы өнімін, оның ішінде органикалық өнімді өткізуді қоспағанда, оның өндірісі және айналымы;"

350) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"350) ауыл шаруашылығы өнімін, оның ішінде органикалық өнімді өткізуді қоспағанда, оның өндірісі және айналымы саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;"

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 35-11) тармақшамен толықтырылсын:

"35-11) ішкі және сыртқы нарықтарда ауыл шаруашылығы өнімін және азық-түлік тауарларын өткізуді қамтамасыз ету;"

2. Қоса беріліп отырған Ішкі және сыртқы нарықтарда ауыл шаруашылығы өнімін өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

3. Іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) жартыжылдық негізде, 20 маусымнан және 20 желтоқсанның кешіктірмей Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын;

4. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі жартыжылдық негізде, 25 шілдеге және 25 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2025 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1141 қаулысымен бекітілген

Ішкі және сыртқы нарықтарда ауыл шаруашылығы өнімін өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Аяқталу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, млн теңге	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
І. Заңнамалық шаралар						
	Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері"					

1.	туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 және " Қазақстан Республикасы н ы ң мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 1 7 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 4 6 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулыларына өзгерістер м е н толықтыру енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2025 жылғы желтоқсан	СИМ, АШМ	талап етілмейді	
	Салалық мемлекеттік органдар функциялары ның аражігін на қты ажырата отырып, Қазақстан Республикасы ның "Сауда					

2.	кызметін реттеу туралы " , " Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы", " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы " заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу: АШМ-ға – ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мәселелері; СИМ-ге – ішкі және сыртқы нарықтарда ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік тауарларын өткізу, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру, АӨК өнімінің тауар қозғалысы жүйесін ұйымдастыру бөлігіндегі мәселелер	Н Қ А қабылдау	2026 жылғы маусым	АШМ, СИМ	талап етілмейді	-
II. Өткізу арналарын кеңейту және ішкі нарықта ауыл шаруашылығы өнімін ілгерілету						

3.	Қоғамдық тамақтану және қонақүй бизнесі жүйесінде отандық ауыл шаруашылығы өнімін пайдалану тетігін әзірлеу	HoReCa қолдау бағдарламасын бекіту	2026 жылғы маусым	СИМ, АШМ, ДСМ, ТСМ, ЖАО, Қоғамдық тамақтану қауымдастығы (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
4.	Шығарылатын өнімді өткізуді қамтамасыз ету, шығасыларды қысқарту және отандық ауыл шаруашылығы өнімінің қатысу тиімділігін арттыру мақсатында кооперация қызметін дамыту	кеңес хаттамасы	2026 жылғы тамыз	СИМ, АШМ, ЖАО, QazTrade (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
5.	Отандық ауыл шаруашылығы өнімін өткізу көлемін ұлғайту және тауарларды тікелей жеткізуді ұйымдастыру мақсатында сауда желілерімен және көтерме құрылымдармен әріптестік қатынастарды дамыту	меморандумдар	жыл ішінде	СИМ, АШМ, ЖАО	талап етілмейді	-
	Отандық өндірушілерді танымал ету, өңірлік брендтерді ілгерілету және отандық		жыл сайын,	СИМ, QazTrade (келісу бойынша),		

6.	өнімнің ішкі нарықтағы позициясын нығайту үшін сауда желілерінде маркетингтік іс-шараларды өткізу	наукандарды өткізу	шілде, желтоқсан, 2026 – 2028 жылдар	сауда желілері (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
7.	Өткізу арналарын кеңейту және отандық өнімнің қолжетімділігін арттыру үшін отандық ауыл шаруашылығы өнімінің қолданыстағы маркетингтік ерде ұсынылуы	маркетингтік ерге өнімді орналастыру	жыл сайын, шілде, желтоқсан, 2026 – 2028 жылдар	СИМ, ЖАО, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
8.	Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің және кооперативтердің қатысуымен өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу	СИМ-ге ақпарат	жыл сайын, шілде, желтоқсан, 2026 – 2028 жылдар	ЖАО	талап етілмейді	-
9.	Өндірушілердің қолдауға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бағаны тұрақтандыру бағдарламалары шеңберінде ӘКК тарапынан ауыл	АШМ-ге және СИМ-ге ақпарат	жыл сайын, шілде, желтоқсан, 2026 – 2028 жылдар	ЖАО, ӘКК (келісу бойынша)	талап	-

	шаруашылығы өнімін форвардтық сатып алуды өткізу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру				етілмейді	
10.	Ауыл шаруашылығы өнімін сақтауды, сұрыптауды және өткізуді қамтамасыз ету үшін қосымша көтерме-тарату орталықтарын салу қажеттігін талдау	кеңес хаттамасы	2026 жылғы қазан	СИМ, АШМ, ЖАО	талап етілмейді	-
11.	Өндірілетін өнімнің кемінде 50 %-ын ішкі нарыққа өткізу бөлігінде отандық тауар өндірушілерге арналған мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде қарсы міндеттемелер енгізудің қажеттігін пысықтау	кеңес хаттамасы	2026 жылғы қазан	СИМ, АШМ	талап етілмейді	-
12.	ӘМАТ және шикізат өндірушілерді басым субсидиялау қажеттігін пысықтау	кеңес хаттамасы	2026 жылғы қазан	СИМ, АШМ	талап етілмейді	-
	Отандық өнімді өткізу үшін сауда желілері мен			СИМ, АШМ, ЖАО, Қоғамдық		

13.	с а у д а базарларында "Жасыл сөрелер" жүйесін құру	пилоттық сату нүктелерін іске қосу	2026 жылғы қараша	тамақтану қауымдастығ ы (келісу бойынша)	талап етілмейді	-
14.	Ішкі нарықта отандық тауар өндірушілерді ілгерілетуге жәрдемдесу бойынша " QazTrade Retail" онлайн-платф ормасын құру ж ә н е әкімшілендіру	пилоттық іске қосу	2026 жылғы желтоқсан	С И М , QazTrade (келісу бойынша)	QazTrade көзделген (қаражаты есебінен (51,3 млн теңге)	РБ
15.	АӨК өнімінің тауар айналымын ұлғайтуға бағытталған тиімді цифрлық құрал құру мақсатында Т Қ Ұ Ж базасында агромаркетпл ейс енгізу	цифрлық платформаны іске қосу	2026 жылғы желтоқсан	СИМ, ЖАО, " Қазақтелеком " АҚ (келісу бойынша)	Е А Д Б қаражаты есебінен 1,0 млн АҚШ доллары	ЖИ
16.	Сауда базарларын лицензиялау тетіктерін енгізу бойынша халықаралық тәжірибені талдау	талдамалық ақпарат	2026 жылғы сәуір	СИМ, ЖАО	талап етілмейді	-
17.	Ішкі нарықта ауыл шаруашылығы өнімін және оның ел ішінде өңірлік ағынын ілгерілету үшін мемлекеттік қолдау шараларын	кеңес хаттамасы	2026 жылғы мамыр	СИМ	т а л а п етілмейді	-

	көрсету тетіктерін әзірлеу					
III. Өткізу арналарын кеңейту және сыртқы нарықта ауыл шаруашылығы өнімін ілгерілету						
18.	Кейіннен қолдау шараларына, өткізу бағдарламаларына тарту, экспорттық ілгерілету және кооперативтік бірлестіктерге қатысу үшін ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді (АӨК саласы субъектілерінің кемінде 20 %) нысаналы іріктеу тетігін енгізу	2026 жылғы экспорттық акселерация бағдарламасы	2026 жылғы наурыз	СИМ, ЖАО, QazTrade (келісу бойынша)	"2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шикізаттық емес экспортты ілгерілетуге 11,2 млрд теңге бөлінді	РБ
19.	Қытай нарығына жеткізілетін отандық өсімдік шаруашылығы өнімінің номенклатурасын кеңейту	кеңес хаттамасы	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, СИМ, ЖАО	талап етілмейді	-
20.	Қытай және ЕО елдері нарықтарына жеткізілетін отандық мал шаруашылығы өнімінің номенклатурасын кеңейту	кеңес хаттамасы	2026 жылғы желтоқсан	АШМ, СИМ, ЖАО	талап етілмейді	-
21.	Gulfood және China International Import Expo қоса алғанда, халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер	отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді	жыл сайын, қыркүйек, желтоқсан,	СИМ, АШМ, СИМ, ЖАО,	"2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына	РБ

	е отандық а у ы л шаруашылығы өнімін өндірушілердің қатысуын кеңейту	ң санын ұлғайту	2026 – 2028 жылдар	QazTrade (келісу бойынша)	сәйкес шикізаттық е м е с экспортты ілгерілетуге 11,2 млрд теңге бөлінді	
22.	Әріптестік байланыстар орнату және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту үшін отандық а у ы л шаруашылығы өнімін өндірушілердің қатысуымен сауда-экономикалық миссияларды ұйымдастыру және өткізу	қазақстандық өнімді ілгерілету, келісімшарттар жасасу	жыл сайын, қыркүйек, желтоқсан, 2026 – 2028 жылдар	СИМ, АШМ, ЖАО, QazTrade (келісу бойынша)	"2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шикізаттық е м е с экспортты ілгерілетуге 11,2 млрд теңге бөлінді	РБ
23.	Б е с көліктік-логистикалық хаб аумағында аграрлық экспортты дамыту, оның ішінде ветеринариялық және фитосанитариялық стандарттар мен маркетингтік стратегияны ескере отырып, агрохабтар негізінде дамыту мақсатында АӨК өнімін өндіру және өткізу бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру	СИМ-ге акпарат	тоқсан сайын, 2026 жыл	Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Түркістан және Жетісу облыстарының әкімдіктері	т а л а п етілмейді	-

24.	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді экспорттық қызметтегі кооперация және маркетинг мәселелері бойынша оқыту	оқытулар өткізу	үнемі, 2026 – 2028 жылдар	СИМ, АШМ, QazTrade (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	"2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шикізаттық емес экспортты ілгерілетуге 11,2 млрд теңге бөлінді	-
25.	Ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін экспорттық қызметте ауыл шаруашылығы өнімін сертификаттау мәселелері бойынша семинарлар (фитосанитариялық және ветеринариялық) өткізу	семинарлар өткізу	үнемі, 2026 – 2028 жылдар	АШМ, СИМ	талап етілмейді	-
26.	Сыртқы нарықтарда отандық ауыл шаруашылығы өнімін ілгерілету бойынша ақпараттық жұмыс	ақпараттық-жарнамалық жұмыс	үнемі, 2026 – 2028 жылдар	СИМ, СИМ, ЖАО, QazTrade (келісу бойынша)	"2026 – 2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шикізаттық емес экспортты ілгерілетуге 11,2 млрд теңге бөлінді	РБ

Ескертпе – аббревиатуралардың толық жазылуы:

АӨК – агроөнеркәсіптік кешен;

"Азық-түлік корпорациясы" АҚ – "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;

АҚШ – Америка Құрама Штаттары;

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

ӘКК – "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация" акционерлік қоғамы;

ӘМАТ – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

ЕАДБ – Еуразиялық Даму Банкі;

ЕО – Еуропалық Одақ;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

ЖИ – жеке инвестициялар;

ЖИЦДМ – Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі;

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

"Қазақтелеком" АҚ – "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТСМ – Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі;

ТҚҰЖ – Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі;

ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

QazTrade – "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы;

NoReCa – қонақүйлер (Hotel), мейрамханалар (Restaurant), дәмханалар (Cafe).